КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

25 шілде 2023 жыл № 2713-23-00-2/1176 іс Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Р.Бекенов,
сот отырысының хатшысы С.Максутованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ: «Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР: «Аманат» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талапкердің өкілі Г.А.Маканова
жауапкердің өкілі Р.А.Досханов
прокурор С.А.Такеева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тапсырыс беруші, Мекеме) «Аманат» жеке кәсіпкері (өнім беруші) арасында 19 сәуір 2023 жылы №134 санды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (одан әрі – шарт) жасалған.

Келісім-шартқа сәйкес, өнім беруші барлығы 3 900 000 теңгеге 10 рейске дейінгі көлемде, мұздатылған және салқындатылған ветеринариалық препараттарды (барлығы 6 282,457 шартты бірлік көлемі, 1 шартты бірлік – 1000 ветеринариалық препараттардың дозасына тең) авторефрижиратормен тасымалдау қызметін көрсетуге міндеттенген.

Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі – шарт жасалған күнінен бастап 2023 жылғы 31 желтоқасан айына дейін жыл ішінде.

Құжатқа қол қойылған: Бекенов Е. Р., 01.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 04.09.2023, судья Бекенов Е. Р., 05.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Келісім-шарттың техникалық сиппатамасына сәйкес, жеткізуші тапсырушының сенім хаты бойынша 10 күннің ішінде ветеринариалық препараттарды Ақтобе қаласынан Батыс Қазақстан облысының аудан орталықтарындағы ветеринария станцияларын қоймаларына жеткізуіне міндеттенген.

28.04.2023 және 10.05.2023 жылы тапсырыс беруші өнім берушіге шығыс хаттарын жолдап, онда 530,672 шартты бірлік көлемінде ветеринариалық препараттарын жеткізу туралы хабарлама жолдаған.

29.04.2023 жылы, өнім беруші өзіне алған міндеттемені орындаудан бас тартпайтынын, дегенмен ветеринариалық препараттарын жеткізу үшін қызметіне 1 200 000 теңге төлеуін сұраған. Мекеме, 530,672 шартты бірлік көлемінде ветеринариалық препараттарын жеткізу қызметі 331 291,3 теңге құрайтынын, сондықтан, 1 200 000 теңге төленбитіні туралы жауап берген.

Өнім берушімен шартпен көзделген міндеттемелердің орындалмауына байланысты Мекеме оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабымен сотқа жүгінген,

Талап қою қарсылығында жауапкер өзіне алған міндеттемені орындаудан бас тартпағанын, тапсырыс беруші өнім берушінің ветеринариалық препараттарын жеткізуге ұсынған бағасына келіспегендіктен дау туындап отырғанан көрсеткен.

Талапкердің өкілі Г.А.Маканова сот отырысында талаптың уәждерін қолдап, мемлекеттік сатып алу туралы конкурс ұйымдастырылғанда, әлеуетті өнім берушілер техникалық сипаттамасымен танысуға құқылы болғаны туралы айтып, талап қоюды толық қанағаттандыруын сұрады.

Жауапкердің өкілі Р.А.Досханов сотта талап арызды мойындамады және талап қоюға қарсылығында көрсетілген уәждерді қолдады. Талап қоюды қанағатттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор С.А.Такеева талап қоюды толық көлемде қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Азаматтық кодекстің 272-бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Азаматтық кодекстің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Құжатқа қол қойылған: Беженов Е. Р., 01.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 04.09.2023, судья Беженов Е. Р., 05.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңының (одан әрі – Заң) 12-бабының 4-бөлігінің 3-тармағына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотпен, шарт бойынша міндеттемелер жауапкермен толық орындалмағандығы анықталды.

Келісім-шартқа сәйкес, өнім беруші барлығы 3 900 000 теңгеге 10 рейске дейінгі көлемде, мұздатылған және салқындатылған ветеринариалық препараттарды (барлығы 6 282,457 шартты бірлік көлемі, 1 шартты бірлік – 1000 ветеринариалық препараттардың дозасына тең) авторефрижиратормен тасымалдау қызметін көрсетуге міндеттенген.

Тапсырыс беруші, 530,672 шартты бірлік көлемінде ветеринариалық препараттарын жеткізу туралы хабарлама жолдаған, жауапкер өзіне алған міндеттемені орындамай, жеткізу қызметіне 1 200 000 теңге сұраған.

Сот, келісім-шартпен техникалық сиппатамасын зердеп, жауапкердің сұраған соммасы келісім-шартта көрсетілген соммасына қайшы келетінін анықтаған.

Сот, жауапкердің өзіне алған міндеттемесінің орындамауын себебсіз деп санайды.

Сондықтан, сот, талапкер талабының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы бөлігі қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

№2 талап бойынша

Келісімшарттың 7.3. тармағына сәйкес, жауапкер қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда, мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды.

Талапкермен ұсынылған тұрақсыздық айыбының есебіне сәйкес, 2 981,63 теңгені құрайды.

Сот талапкердің тұрақсыздық айыбының есебін тексере келе, оны дұрыс деп тапты, себебі жауапкер тарапынан шарт талаптары толығымен орындалмаған.

Сондықтан, талапкер талабының жауапкерден 2 981,63 теңге мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбын өндіру туралы бөлігі де қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, төлеуден талап қоюшы босатылған мемлекеттік баж сот шығындарын төлеуден босатылмаған жауапкерден мемлекет кірісіне өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Құжатқа қол қойылған: Беканов Е. Р., 01.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 04.09.2023, судья Беканов Е. Р., 05.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ ЕТТІ :

«Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Аманат» (Кенжегулова Жамиля) жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою толығымен қанағаттандырылсын.

«Аманат» (Кенжегулова Жамиля) жеке кәсіпкері (ЖСН 360101428752) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

««Аманат» (Кенжегулова Жамиля) жеке кәсіпкері (ЖСН 360101428752) мемлекет пайдасына 2 981,63 (екі мың тоғыз жүз сексен бір) теңге алпыс үш тиын тұрақсыздық айыбы және 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде БҚО мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Бекенов Е.Р.**

Құжатқа қол қойылған: Бекенов Е. Р., 01.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 04.09.2023, судья Бекенов Е. Р., 05.09.2023

2713-23-3-1/1233